

Үндістанның Қазақстан Республикасындағы Мәдениет күндерін және Қазақстан Республикасының Үндістандағы Мәдениет күндерін өткізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1997 жылғы 26 тамыздағы N 1285

Қазақстан Республикасы Президентінің 1996 жылғы желтоқсандағы Үндістанға мемлекеттік сапарының барысында қол жеткізілген келісімдер мен уағдаластықтарды жүзеге асыру және мәдени байланыстар аясындағы қазақстан-үнді қарым-қатынастарын одан әрі дамытуды қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. 1997 жылдың қыркүйегінің бірінші жартысында Үндістанның Қазақстан Республикасындағы Мәдениет күндері және 1997 жылдың желтоқсанына Қазақстан Республикасының Үндістандағы Мәдениет күндері өткізілсін.

2. Қазақстан Республикасының Білім және мәдениет министрі бір апталық мерзім ішінде Үндістанның Қазақстан Республикасындағы Мәдениет күндеріне және Қазақстан Республикасының Үндістандағы Мәдениет күндеріне әзірлік және оларды өткізу жөніндегі ұйымдастыру комитетін құрсын және бұл шараларға әзірлік пен оны өткізудің жоспарын Үкіметтің қарауына енгізісін.

3. Жамбыл, Оңтүстік Қазақстан, Қарағанды облыстарының әкімдері бұл аймақтарда Үндістанның Мәдениет күндері шараларын өткізудің бағдарламаларын әзірлесін. Көрсетілген бағдарламаларды жүзеге асыру жергілікті бюджеттердің қаражаты есебінен қаржыландырылатыны ескерілсін.

4. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі 1997 жылға арналған республикалық бюджетте 08 "Демалысты ұйымдастыру және мәдениет саласындағы қызмет" функциональдық тобы бойынша мәдениетке арналып көзделген қаражаттың есебінен Үндістанның Қазақстан Республикасындағы Мәдениет күндерін және Қазақстан Республикасының Үндістандағы Мәдениет күндерін өткізуге қажетті қаражат бөлсін.

5. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі Үндістанның Қазақстан Республикасындағы Мәдениет күндеріне қатысушыларға визалық қолдау көрсетуге және Қазақстан Республикасының Үндістандағы Мәдениет күндеріне қатысушылардың қажетті құжаттарын рәсімдеуге жәрдем көрсетсін.

6. Қазақстан Республикасының Баспасөз және бұқаралық ақпарат істері жөніндегі ұлттық агенттігінен Үндістанның Қазақстан Республикасындағы Мәдениет күндерін бұқаралық ақпарат құралдарында кеңінен көрсетуі сұралсын.

7. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кеден комитеті Үндістанның Қазақстан Республикасындағы Мәдениет күндерін өткізу кезеңінде Қазақстан Республикасының

аумағына уақытша әкелінетін көрмелік экспонаттарды, фотосуреттерді, кітаптарды, музыка аспаптарын және шараны өткізу үшін қажетті болса да заттар мен бұйымдарды баж төлеуден босатсын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК